

Хаттама №3

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасында 2023 жылдың 9 қаңтар қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақша қаражатынан тыс балаларға арналған ойыншықтармен қамтамасыз етуге, кітап бұрышын жасақтауға демеушілікке шағын кәсіпкерлерді тарту

Тыңдалды:

3. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева сөз алды.

Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі балабақша дамуының бюджеттен тыс қорын қалыптастыру. Оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшамыз толық жабдықталған. Күнделікті балалар ойнайтын ойыншықтар заман талабына сай өзгеріп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Әрдайым сіздерден қандай көмек сұрасам, сіздер әрқашан дайынсыздар. Сіздерге көп көп рахмет!

Биылғы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау, осы орайда барлық шағын кәсіпкер иелерін бөбекжай-бақшамыздың кітап бұрышына балаларға қызықты ертегілер, суреттері анық кітаптар алуға демеушілікке шақырамын.

Шығып сөйлеуші қамқоршылық кеңес мүшесі және ата-аналар: Қ.Сәрсенова

Кітап бұрышын жасақтауға барлық қамқоршылық кеңес құрамы қарсы емес. «Кітап –білім бұлағы» –деп ата-бабамыз дұрыс айтқан. Балаларды кішкене кезінен бастап кітапқа баулып, кітапты сақтауға, ұқыпты қарау керек екенін біліп түсіне бастайды. Бұл бастама жақсы қолдаймыз. Балаларымыздың болашағы үшін әрдайым қандай жұмыс болмасын ат салысамыз.

Шешім:

1. Бөбекжай-бақша қаражатынан тыс балаларға арналған кітап бұрышын жасақтауға демеушілікке шағын кәсіпкерлерді тартылсын.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі:

А.Задаева

Хатшы:

А.Мұратова

